АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАХАМБЕТ АУДАНЫ
АҚЖАЙЫҚ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ АКЖАЙЫКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
МАХАМБЕТСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

05.01.2026 жыл № 2

Ақжайық ауылы село Акжайык

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 3-тармағын басшылыққа алып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларына,16-бабының 3-тармағының 1, 25, 28-тармақшаларына сәйкес:

1. Мемлекеттік сатып алу жоспарымен бекітілген төмендегі тауарлар мен қызметтердің мемлекеттік сатып алу туралы шарттары тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын.

1) Ақжайық ауылдық округі әкімі аппараты тұтынатын электр энергиясы үшін төлем;

2) Ақжайық ауылындағы көше жарығы шамдарының электр энергиясы үшін төлем.

3) Ақжайық ауылдық округі бойынша тауарлық табиғи газ үшін төлем, таза ауыз су, техникалық су беру қызметтері;

4) Ақжайық ауылдық округі бойынша мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметі.

5) Ақжайық ауылындағы көше жарығы шамдарына ай сайынғы техникалық қызмет көрсету;

6) Ақжайық ауылындағы көгалдандыру аумағын қоршау жұмыстарын іске асыру;

7) Ақжайық ауылының кіре берісіне орнатылған Арка мен Махамбет көшесінде орнатылған «Туған жерім Ақжайық» белгісінің жер учаскелерінің құжаттарын тіркеуден өткізу жұмыстары;

8) Ақжайық ауылдық округі аумағындағы қаңғыбас иттерді аулау қызметі;

9) Мекемеге 2026 жылдың II жыртыжылдығына және 2027 жылдың I жартыжылдығына газет-журналдарға жазылу қызметі;

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН.

10) Пошталық байланыс (хаттар, хабарламалар т.б. жолдау) қызметі.

2. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындау Ақжайық ауылдық округі әкімі аппаратының статисті Ж.Лұқпанға тапсырылсын.

3. Осы өкімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ауылдық округ әкімі **А.Ерманов**